

Ұзақ жылдар бойы филология ғылымы бойынша кандидаттық диссертациялар қорғалатын диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде республикада әдебиеттанушы ғалымдар даярлау ісіне үлес қосты. Профессор Б.Әбдіғазизұлының ғылыми жетекшілігімен 11 кандидаттық және 1 докторлық диссертация қорғалды.

Филология ғылымдарының докторы Б. Әбдіғазизұлының қаламынан туған 5 монография, 14 оқулық, 5 оқу құралы, 3 әдістемелік нұсқау, 4 типтік бағдарлама, 200-ден аса ғылыми мақалалары жарық көрді.

Әдебиеттанушы ғалым Б.Әбдіғазизұлының басты зерттеу тақырыбы төл әдебиетіміздің тарихындағы аса көрнекті ақын, ойшыл философ Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұрасы болып келеді. Шәкәрімнің есімі мен шығармалары идеологиялық құрсауда жабық жатқан кезден бастап осынау қазынамызды түбегейлі зерттеуді қолға алған ғалым бүгінге дейін ол туралы бірнеше іргелі еңбектерді дүниеге әкелді. Шәкәрімнің шығармашылығы туралы тұңғыш рет кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады.

Профессор Б.Әбдіғазизұлы соңғы жылдары Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласындағы Іле педагогикалық университетінде және Вьетнам Социалистік республикасындағы Ханой университетінде Абай ғылыми-танымдық орталықтарын ашу ісіне ұйтқы болды.

Аралбай батыр Ұлытау жерінде жерленген. 2009 жылы батырдың ұрпақтары ас беріп, мазарын жанартып, өңірде ескерткішін ашқан.

Мен Жанғалиұлы Жандос, Аралбай батырдың сегізінші ұрпағымын. Яғни: Аралбай – Жабағы – Жаңабай – Жәнібек – Жұман – Абдіғазизұлы – Балтабай – Жанғали – Жандос.

Список литературы:

- 1 Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.
<https://egemen.kz/article/14567-aralbay-batyr>
- 2 Смайыл Қ. Аралбай батыр - Таңсұлу Ана: роман/Қалкен Смайыл. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. 368 б.
- 3 Аралбай батыр шежіресі. - Астана: Фолиант, 2011. ISBN 978-601-271-087-8

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ КІСІЛІК КЕЛБЕТІ

Байгазиева Н.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетоватындағы Қарағанды университеті

Терең білім, ұлт тарихына құрмет, қазақ халқының азаттығы мен құқығы үшін күрес – «Алаш» қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханның кісілік келбетінің бір қыры ғана. Әлихан Бөкейхан – ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда ұлттық автономиясы Халық кеңесінің төрағасы болды. Қошмұхаммед Кеменгерұлы (Қошке Кеменгеров) «Қазақ тарихынан» деп аталатын тарихи очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды» [1]., – деп Алаш» қозғалысы жетекшісінің іс-қимылы мен рөліне қазақтың қазіргі заманғы тарихында алғаш рет баға берілгендігін көреміз. ХХ ғасырдың бас кезіндегі саясаткерлердің бірі, тарихшы, журналист, жазушы және драматург Қошмұхаммед Кеменгерұлы бұл очеркін 1922 жылы аяқтап, 1924 жылы Мәскеудегі СССР халықтарының орталық баспасынан шығарды. Сондықтан да, ғылыми мақаламыздың мақсаты қарастырылып отырған тақырыпқа тәуелсіздік биігінен қарап, өзектілігіне мән

беріп, болашақ ұрпаққа түсіндіру болып саналады. Осы мақсатқа сай тарихи тұрғыдан сараланған тақырыпқа байланысты жарық көрген ғылыми еңбектермен таныстық.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-ші ауылында 1866 наурызында дүниеге келген. Әлихан Бөкейхан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Әлихан Бөкейханның арғы ата тегі туралы былай берілген: «Әлиханның әкесі – Нұрмұхамед, анасы – Бегімханым оқу-білімге жақын, парасатты адамдар болған. Әлиханның үлкен атасы көкжал Барақ сұлтанның ұлы. 1816 жылы бес мейрам-арғын Уәли билігін мойындамай, Орта жүзде екінші хандық құрады. Хан етіп сексеннен асқан қарт Бөкейді сайлайды. Бөкейдің тоғыз ұлының бірі – Батыр сұлтан. Батырдың ұлдары Мырзатай мен Рүстем. Мырзатайдан Нұрмұхамед туады» [2, 7 б.]. Бұл кез отаршылдық саясат салдарынан қазақ халқы ғасырлар бойғы қалыптасқан көшпенділердің дәстүрлі рулық-қауымдық қатынастарынан, жерінен де, оны пайдалану құқынан да ажырай бастаған, көшпенділердің байырғы құндылықтары шеттетіліп, жаңасы қалыптаса қоймаған алмағайып кез еді. Патшалық Ресейдің отыршылдық саясаты жыл өткен сайын күшейіп, қазақ ішіне дендеп ене түсті, соның кесірінен хандық биліктің байырғы құрылымдары жойылып, қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетіне және оның өз жерінде дербес этнос ретінде өмір сүруіне қатер төнді.

Әлихан Бөкейхан авторы әрі редакторы болған «Голос степи» газетінің 1907 жылы қаңтардың 13-і күні шыққан санында салт-санасы, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы туралы сыншыл көзқарасы да ерте қалыптасты. 1889 жылы «Особое прибавление «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газетінің қазақ тіліндегі қосымшасы – «Дала уалаятының газетінде» жарияланған өзінің алғашқы мақалаларында-ақ қазақ қоғамының жағымсыз жақтары мен қара халықты қатыгездікпен қанап жүрген надан молда, болыс пен старшынды, тойымсыз байдың сойылын соғып жүрген екіжүзді ақындар мен оқыған қазақтарды аяусыз сынға алды.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-дың Тұлғатану ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбақовалар өздерінің ғылыми-зерттеу еңбегінде ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның тұлғасы туралы былай деп жазады: «Әлихан Бөкейханның ұлт мақтанышы екенін танып білу үшін көптеген деректер мен ғылыми-танымдық еңбектерді зерттеу керек. Соның ішінде Әлихан Бөкейханға байланысты деректерді бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа Әлихан Бөкейханның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне байланысты заңнамалық құжаттар жатады. Бұған кеңес өкіметінің репрессиялық саясатын жүргізуге негіз болған құжаттарды айтуға болады. Екінші топтағы деректерге іс-қағаз құжаттары кіреді. Оған Ресей империясының ішкі саясат департаментінің III бөлімінің құжаттары, сонымен бірге Әлихан Бөкейхан білім алған оқу орындарының түрлі іс-қағаздары, ресейлік чиновниктердің бір біріне жазған қызметтік хаттар тәрізді құжаттардың түрі жатады. Сонымен бірге Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметіне қатысты «Қарқаралы петициясы», I-ші және II-ші Бүкілқазақ-қырғыз съездерінің бағдарламасының жобасы, Алашорда үкіметінің құжаттары оның ішінде «Алаш» партиясы құжаттары, ерекше орын алады. Деректердің маңызды бөлігін Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметі барысында түрлі жиындарда, кездесулерде сөйлеген сөздері құрайды. Деректердің келесі тобына мерзімді басылымдар жатады. Оның ішінде Ресейден шыққан «Сибирские вопросы», «Степная газета», «Дала уалаятының газеті», «Омичь», «Степной край», «Степной пионер», «Иртышъ», «Голос степи», «Сибирская жизнь» (Томск), «Сын отечества», «Мусульманская газета» (СПб), «Наша жизнь» (СПб), «Речь» (СПб), «Айқап» журналы, Ташкенттен шыққан «Туркестанские ведомости», «Ақ жол», «Жас Сәуле» газеттері сонымен бірге Қазақстанның әр жерлерінде «Сарыарқа», «Бостандық туы», «Еңбекші қазақ», «Тургайская газета» газеттерімен бірге «Қызыл Қазақстан»,

«Темірқазық» журналдары және басқа да мерзімді баспасөз басылымдарында Әлихан Бөкейханның еңбектері және оған қатысты түрлі деректер көптеп кездеседі» [3, 6 б.].

Сонымен бірге Әлихан Бөкейхан қазақтың тұңғыш энциклопедист ғалымы. XX ғасырдың басында Ф.А. Брокгауз бен орыс И.А. Ефрон секілді баспагерлер көптомдық «Жаңа энциклопедиялық сөздігін» шығарып тұрған. Қазақ өлкесін танушы ғалым ретінде Әлихан Бөкейхан осы «сөздікті» әзірлеуге ат салысқан. «Сөздікке» енген қазақтың тарихы, қазақтың хандықтары, мысалы Бөкей ордасы жайында (8 том, 447-452 беттер), қазақтың көрнекті хан-көсемдері туралы басқа материалдарды Әлихан Бөкейхан әзірлеуге көмектескен. Олай дейтін себебіміз энциклопедиялық сөздіктің 4-ші томнан 21-ші томына дейін Әлихан Бөкейханның аты-жөні құрастырушылардың бірі ретінде берілген. Діни сауатсыздыққа қарсы күрескен қайраткер: Қырда кім болса да сол молла болады. Аз ғана оқу білетін қазақ, я қашқын ноғай, я сарт, я тәжік. Сол адамдар бек надан һәм нәрсені... білмейді һәм солар надан болған соң қазақтарға ауып, оларды мейлінше бұзады. Қай қазақ моллаға нанбайды, ашық күнді жауын қыламын деп тұрған соң... (Құдайындай иланады)... Бір сорлы қазақ бар ма екен... «жақсы» атанып жүрген қазақтар менен моллалардан көрмеген?... Сол моллалар надандығы менендіге қарсы өтірік айтады...» деп жазды.

Қазақ халқының мүдделерін көтеруді аңсаған ізгі тұлғалардың бірі «Баспаханаға хат» атты мақаласында автор Зұлымбай Қарымбаев секілді қазақ бай-болыстарының, сондай-ақ Мүсәпір Бейшарин тәрізді қазақ кедейлерінің жиынтық кейіпкерін жасады: «Біздің сөзіміздің растығын байқайын дегендер елдегі тілмәштің список журналын алып, кез-келген жерінен оқып көрсе болғаны, мына журналдан Зұлымбай Қарымбайұлын көрсе, 15 жылқысы, 100 қойы бар деп жазулы тұрады. Анығы 300 жылқы, 700 қойы болса да һәм Мүсәпір Бейшараұлын көрсе - 50 қойы бар, 5 жылқысы бар деп жазылып тұрады. Ол сорлының іліп алар еш нәрсесі болмаса да сондай бейшаралар, яғни уақытымен алым бермеймін, еш нәрсем жоқ деп азар да базар болады», - деген 23 жасар Әлихан Бөкейхан сол кездегі қазақ қоғамы мәдениетінің төмендігін, адами әдеп пен шындықтың жоқтығын өкіне отырып айтады. Халықтың жаппай сауатсыздығы, болыстық билік үшін ру аралық күрес, барымта, байлар мен күштілердің кедейлер мен әлсіздерді аяусыз езуі етек алды деп санайды. Бұл жылдары, Әлихан бөкейханның көзқарасынша, қазақ халқы бай мен надан молдалардың және отаршыл биліктің үш жақтан бірдей езгісіне түсті. Ұлт көсемі қазақтар туралы: «Қыр халқы... ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақылы-санасы болған соң...», – деп жазды.

1928 жылы КСРО ҒА-ның академигі С.Швецов: «Әлихан Бөкейханов – Қазіргі Қазақстанның халық тұрмысын зерттеген санаулы ғана ғалымның қатарына жатады» – деп жоғары баға береді. Әлихан Бөкейхан өз халқының адал перзенті. Қазан төңкерісінен бұрынғы интеллигенция өкілдері шетелдерге эмиграцияға кетіп жатқанда, елінде қалып, отаншылдық қасиетін өр мінезімен дәлелдей білді. Әлихан Бөкейханның үлкен ден қойып, ғылыми назарын аударған саласы – әдеби сын. Бұл салаға ұлт көсемі сонау 1889 жылдан бастап қалам тербете бастады. Әлихантанушы-ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы Ә.Бөкейханның әдеби сынға сіңірген еңбегі жайлы мынадай пікір білдіреді: «Әлиханның ұлт әдебиетінің өз алдына жеке бір саласы – әдеби сынның іргесін қалап кеткен еңбегі... әлі де болса лайықты бағасын алған жоқ...Отарлықтың бұғауында отырған халқының төл әдебиетінің күйзелген жайы болашақ Алаш серкесін ертеден терең толғандыра бастайды...». Өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленген Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның қазақ әдебиеттануында тұңғыш болып кәсіби әдеби сыни зерттеу жазып, жаңа қалыптасқан қазақ жазба әдебиетіндегі жанрларды жіктеуге атсалысқаны – қазақтың рухани өмірінде өшпес із қалдырған құбылыс. Сол себепті ғалымның ұлтқа сіңірген осы бір ірі еңбегін өзіне сай лайықты бағалап, күллі қазақ жұртшылығына кеңінен насихаттаған жөн.

Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметі, артқа қалдырған бай мұрасы кеңестік дәуір жылдарында өкінішке орай зерттелген жоқ. Ол туралы тек ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ ақыны Султанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» деген поэмасында жырлаған. Ақынның еңбегін дерек ретінде қарастырсақ, онда Әлихан Бөкейханның тұлғасы былай бейнеленген: Түймеге жарқылдаған алданбаған, Басқадай бір бас үшін жалданбаған. Көркейер қайткенде алаш деген ойдан, басқа ойды өмірінде малданбаған. Заманда басқан аяқ кейін кеткен, Жасымай алашына қызмет кеткен. Болса да қалың тұман, қараңғы түн, Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен... [3, 15 б.]

Әлихан Бөкейхан және Ахмет Байтұрсынұлы Ұлы Даладағы ұлттық демократиялық қозғалыстың бастауында тұрған тұлғалар. Екеуін қазақ ұлттық демократиялық қозғалыста бір бірінен бөліп қарауға болмайтындығын академик ғалым М.Қозыбаев айтқан болатын. Оның «Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар» деп аталатын мақаласында Ленинге 1920 жылы көкек айында Қазақ Әскери ревкомның және Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің мүшесі А.Байтұрсынұлы жолдаған хатында Совет өкіметінің ұлт саясатына наразылық білдірді. А.Байтұрсынұлы Совет дәуірінде қазақ елінің өзін-өзі билеу проблемасын қояды. Бұл принципті тұжырымдап, М.Қозыбаев «Ахаң қазақ елінің шын мәнінде тәуелсіз ел болуын көздегені бірден көзге ұрады» дейді. Сонымен бірге ғалым А.Байтұрсынұлы жанындағы рухани пікірлестері Әлихан мен Міржақып қазақтың демократиялық либералдық бағыттағы зиялылары болғандығын көрсетеді. Үш алып еуропалық өркениеттік дәрежедегі қозғалысты қалыптастырды, Алаш бағдарламасын жасады, сонымен қатар рухани азық ретінде «Қазақ» газетін шығарды [3, 19 б.].

Әлихан Бөкейхан ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдарымыздың бірі болды. Ол қарастырған негізгі аспектілер: эпостың тарихилығы, қазақ фольклорының түрлері, шығу мезгілі, жыршы мен оның шеберлігі, қоғамдық ой сананың жырда көрініс табуы, бейнелер, олардың атқарған идеялық қызметі, үлгінің көркемдік ерекшеліктері т.с.с. - әлі де қазақ фольклортану ғылымында оз маңызын жойған жоқ, және сол дәуірдің жетістігі болып саналатыны сөзсіз.

Әлихан Бөкейханның тұлғалық бейнесін ашуда, оның шығармаларын қалың оқырманға таныстыруда бір топ астаналық ғалымдардың ғылыми және танымдық еңбектерін айтуға болады. Атап айтқанда, С.Жұмағұлов Қ.Кемеңгер, Е.Тоқтарбай сияқты жас зерттеушілердің еңбектерінде осы мәселенің өзекті тұстары бірінші рет жазылуда. Аталған ғалымдардың еңбектерінің бір ерекшелігі қазақ даласындағы либералдық-қозғалыстың халықаралық маңыздылығын көрсетіп, Ресей империясындағы саяси идеялық күрестің және оппозициялық партиялардың ықпалымен байланыстыра қарастыруларында. Сонымен бірге Алаш зиялылары туралы жаңа мұрағат материалдарына сүйене отырып, қазақ қоғамындағы өзгерістерді көрсете білді. [3, 27 б.]

Әлихан Бөкейхан және Алаш тақырыбы қазақ ұлты өмір сүріп отырған жағдайда күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе болып қала береді. Бұл мәселе туралы тарихшы ғалымдармен журналистер, жазушылар және өлкетанушылар, жалпы айтқанда ұлттық тарихи қызығушылық танытып жүрген зиялы қауымның бәрінің жазуы қуантарлық жағдай.

Мақала жазу барысында гуманитарлық ғылымда кеңінен танымал тарихи зерттеудің қазіргі әдістерінің жиынтығы қолданылды. Жұмыстағы Әлихан Бөкейхан мен Алаш тарихына қатысты дерек көздері деректану ғылымының деректердің пайда болуының объективтілігі мен субъективтілігіне, алғышарттары формалары сыннан өткізу мен тарихи жағдайларына, сақталу мен ерекшеліктеріне, деректерді сыныптау қажеттігі сияқты теориялық қағидаларға, объективтілік және тарихилық принциптеріне негізделіп жазылған болатын. Талай ұрпақ тағдырына орасан зор ықпал еткен оқиғалар мен үдерістермен сипатталатын бұл тарихи кезең қазақ ұлт-азаттық қозғалысының маңызды кезеңдерінің бірі болды. Әлихан Бөкейханның қазіргі заманның өзекті мәселелерін терең теориялық ұғынуымен және талдауымен ерекшеленетін көзқарастарының эволюциясы тарихи жағдайдың барлық қиындықтары мен қайшылықтарына қарамастан, қазақтардың ұлт-

азаттық қозғалысының жетекшісінің елге адал болғанын айғақтайды. Оның бүкіл өмірлік ұстанымы – халқының саяси және ұлттық-мәдени жаңғыруы үшін қызмет жасау болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы. Шығармалар. / Құрас. Рүстембекова Р.Б. – Алматы: «Мұраттас» баспасы, 1995. – 183 б.
- 2 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
- 3 Бейсенбекова Н.А., Смағұлова Г.М., Шотбакова Л.К. Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы: монография. / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбакова. – Қарағанды: Гласир, 2016. – 198 б.
- 4 Асылбеков М.Х. , Сейтов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно- политический деятель и учёный. – Алматы, 2003. – 148 с.
- 5 Козодой В.И. Алихан Букейханов: человек-эпоха. – Новосибирск, 2021. – 312 с.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Таубаева Г.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С. Қ.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
taubaeva2003@mail.ru

Ұлы даламыздың мақтан тұтар ұлы ойшылдары, данышпандары, хас батырлары өздерінің есімдерін тарихта алтын әріппен қалдырғаны белгілі. Сол батыл да, батырларымыздың бірі де, бірегейі, халқымыздың ұлы перзенті – Бауыржан Момышұлы екендігі белгілі.

Бауыржан Момышұлы – 1910 жылдың 24 желтоқсанда Жамбыл облысы Жуалы ауданы Көлбастау қонысында, малшы отбасында дүниеге келген. 1982 жылдың 10 маусымында Алматыда дүниеден озған. Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик. 13 жасына дейін ауылда тұрып, одан соң интернаттарда тәрбиеленді. Мектеп бітіріп, біраз уақыт мұғалім болып қызмет атқарады. 1932 жылы әскер қатарына алынып, мергендік өнерін игереді. Ауылға оралған соң, қаржы орындарында жұмыс істеді. 1936 жылы қайтадан армияға шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941 жылы генерал – майор И. В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316 – атқыштар (8 - гвардия) дивизиясының құрамында майданға аттанғаны мәлім. Сұрапыл соғыс жылдарында Бауыржан Момышұлының ерлік жолы, Отан қорғаудың және Отансүйгіштіктің барша үлгісін көрсетті.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясына зер салсақ, Бауыржан Момышұлының ерен ерліктерінің куәгері боламыз. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескелескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шайқасқа бастап шығып, 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизиясына қосылады. Ресейдегі Волоколамск, Горюнь, Матренино, Лопастино, Крюково, Бородино, Трашково, т.б. қала, деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Жауынгерлердің соғыс кезінде дұрыс шешім қабылдай алуы үшін педагог – психологта бола білді. Әрбір шайқасқа шығар алдында барлығын жете бақылап, жоспарлай отырып, түрлі тактикаларды қолданды.

Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды. [1, 202-203 б.].